

«Бекітесмін»

Мектеп директоры

А.Ж.Достанова



**Ембі қаласының мектеп жаңындағы интернаты бар
№7 жалпы білім беретін орта мектебінің
әлеуметтік педагогының 2022-2023 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс жоспары**

**Әлеуметтік педагог
Ж.З.Куанышева**

**Ембі қаласының мектеп жаңындағы интернаты бар №7 жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2021-2022 оку жылындағы әлеуметтік педагогтың жүргізген жұмыстарына
Сараптама**

2021-2022 оку жылына құрылған жылдық жоспарға сәйкес төмендегі жұмыстар жүргізілді.

Тамыз-қыркүйек айлары аралығында жағдайлары нашар отбасы балаларының жаңа оку жылына дайындықтары қадағаланды. Мектебімізде аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз отбасы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсетіп, әлеуметтік көмек беру мақсатында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізілді. Акцияны өткізуге дайындық жұмыстары жүргізілді. Жоспар құрылып, шараның өткізілу тәртібі қарастырылып, мектеп ұжымына, ата-аналарға акция туралы мәлімденіп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.. Қаламыздағы көптеген мекемелер мен жеке кәсіпкерлерге акция туралы мәлімденіп, қызметтік хаттар жіберілді. Акция барысында мектебіміздегі көп балалы отбасы балалары, аз қамтамасыз етілген отбасы балалары, жетім және жартылай жетім, толық емес отбасы балаларының тізімі анықталып, ол балалардың мектепке, жаңа оку жылына дайындықтары алдын-ала қадағаланып, сол балаларға әлеуметтік көмек көрсету қолға алынды. «Мектепке жол» қайырымдылық акция барысында көмек сұраған ата-аналардан барлығы 30 ға жуық өтініш келіп түсті. Келіп түскен сұранысқа сәйкес барлық отбасы балаларына көмек көрсетуге демеушілерді тарту жұмыстары жүргізілді. Осыған байланысты, мектебіміздің 9 баласы қалалық әкімдігі тарапынан мектеп сөмкесі мен оку-құралдармен қамтамасыз етілді. Ембі қалалық «Нұр» мешітінің имамы Тұрсынкулов Нұрсұлтан 4 окушыны оку-құралдармен және қаржылай көмекпен қамтамасыз етті. Жеке кәсіпкер (Базарбаева Катира) 3 баланы мектеп сөмкесімен, оку-құралдарымен қамтамасыз етті. Жем пайдалану Локомотив депосының ұжымы тарапынан 3 бала спорттық киіммен, спорттық аяқ киіммен, оку-құралдармен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, 8 бала облыстық волонтерлардың тарапынан көмек алуға тізімі жіберілді, алайда 1 сыныптың 2 баласы мектеп сөмкесі мен оку-құралдармен қамтамасыз етілді. 2022 жылдың 26 тамыз күні Қандыағаш қаласында «Барлығы балалар үшін» атты балаларға арналған фестиваль өтті. Сол фестивальге мектебімізден 5 бала қатысты, 4 баланың барып-келу жол ақысын (3000тг) класс жетекшілері (Аманғазов Д., Умарова А., Тенисбаева А., Тиналина Г., Тоғымбаева Б.) төледі. Математика пәнінің мұғалімі Дүйсенгалиева Т.Қ. 10 000 тг қаржылай көмек берді. МАД тобының тәрбиешісі Шалабаева М.Ф. 1 окушыға тегін жакет тігіп беріп, қайырымдылық акцияға өз үлесін қосты. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Кабылбаева К. және орыс тілі пәнінің мұғалімі Есенова Г. Акцияға өз үлестерін қосты. Акция барысында 23 балаға жалпы сомасы 250 000 тг көлемінде көмек көрсетілді.

Қыркүйек айында сынып жетекшілер өз сыныптары бойынша окушылардың жағдайларына байланысты аз қамтылған отбасы балалары, жетім және жартылай отбасы балалары, көп балалы отбасы балалары, өгей ата-анамен тұратын балалар тізімін жасақтап, сол бойынша сыныптың әлеуметтік паспортын құрды. Осы құрылған тізімдер бойынша мектептің әлеуметтік паспорты құрылып, окушылардың отбасы жағдайлары анықталды. Аз қамтылған, қолайсыз отбасы балаларының

бірге араланып, оқушының ата-анасымен жеке әңгіме жүргізіліп, баланың сабактан себепсіз қалу себептері анықталып, акт жасалып, оқушыны мектепке тарту жұмыстары жүргізілді. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған бала Балкимбаева Гутиераның үйіне комиссия мүшелерімен баланың тұрмис жағдайына зерттеу актісі жүргізіліп, қамқоршысынан есеп алынды.

Қазан айында мектебімізге облыстық ПМПК-дан мамандар келіп, мүмкіндігі шектеулі балалардың тексерістен өтулері қадағаланды.

Қараша айында «Мектептегі бала құқығы» тақырыбында оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Желтоқсан айында «Отбасылық қарым-қатынас» тақырыбында сыйып жетекшілермен бірлесе орта буын класс оқушыларынан эссе алынды. Мектеп бітіруші 9-11 сыйып оқушыларына «Бала құқығы – асыл қазына» тақырыбында мектеп психологымен, ДТІЖО-мен бірлесе түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қантар-ақпан айлары аралығында аз қамтылған отбасы балаларын, көп балалы отбасы балаларын киім-кешекпен қамтамасыз ету мақсатында «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы жүргізілді. Мектеп психологымен бірлесе оқушылардың дінге бейім, бейім еместігін анықтау мақсатында «Мен және менің дінге көзқарасым» тақырыбында 7-11 сыйыптар аралығындағы оқушыларға сауалнама жүргізілді. Хаттама жазылып, қорытындысы анықталды.

Наурыз айында 5-7 сыйып аралығындағы оқушылардың қатысуымен мектеп психологымен бірлесе «Мен тұлғамын» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Отбасы жаразтығы» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді.

Сәуір айында 5-11 сыйыптар аралығындағы оқушыларға «Өмір құндылығы» тақырыбында мектеп психологымен бірлесе тренинг өткізілді.

Мамыр айында оқушылардың отбасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Отбасымдағы өз ойым, өз орным» тақырыбында 7-11 сыйып аралығындағы оқушылардан сауалнама алынып, диагностика жүргізілді.

Маусым айларында әлеуметтік категориядағы оқушылардың тізімі жасақталып, жазғы демалыстарын (лагерь т.б.) үйымдастыруға жұмыстар жүргізілді.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты:

- Балалардың әлеуметтену мәселелеріне тоқтатылып, оған заман талабына сай көмек, қолдау көрсету, өмір сүру мүмкіндігіне, әлеуметтік жағынан оңалту мен бейімделуіне, қорғаншы мен қамқорлықтағы білім алушыларды тұрғын үй кезегімен қамтамасыз ету жұмыстарын талдап, жандандыру.
- оқушыларға әлеуметтік көмек үйімдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын үйімдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оку барысында қындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндеттін атқарады;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортага бейімделуіне жағдай жасайды;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығының қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

№	Iс – шаралар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1	Ұйымдастырушылық іс-шаралар. - Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру; - Нормативтік-күқықтық іс-күжаттар базасын жинақтау.	Тамыз-қыркүйек	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	Жоспар
2	- «Мектепке жол» акциясы аясында мектепішілік құрылған мобиЛЬдік топпен бірлесе отырып, мектепке әлеуметтік жағдайларына байланысты келе алмайтын оқушыларды анықтау; - Әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	Тамыз-қыркүйек	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	акция барысында
3	-«Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасынан шыққан балаларды «Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан» көрсетілетін қаржылай және материалдық көмекке ұсыну; -Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қантардағы №64 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №949 Қаулысы - Білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындастын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарын айқындау -Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыру.	Тамыз-қыркүйек	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	пед кенес анықтама Бұйрық Хаттамалар
4	-Мектептің әлеуметтік төл күжатын жасау; -Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығының қалған оқушылар - Ерекше білімді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылар;	Қыркүйек	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер КББ педагогы	пед кенес анықтама зерттеу жұмыстары

	<p>отбасынан шыққан оқушылар;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар; - Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар; - Жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар; - Ажырасқан, сәтсіз отбасыдан шыққан оқушылар; - Ерекше назарды қажет ететін отбасынан шыққан оқушылар; - Мектепте оқитын мүгедектігі бар оқушылар; - Өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын); - Жақын және алыс шет ел азаматтығы бар оқушылар; - Қандас отбасыдан шыққан оқушылар; <p>ҰББД-на (НОБД) Қаржылай және материалдық көмек көрсетілетін азаматтар санатына жататын енгізу жұмыстары</p>		<p>Педагог-психолог Медбике</p>	<p>карталау жеке портрет баланың жеке картасы отбасылық анықтамала р</p>
5	<ul style="list-style-type: none"> - ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру; - Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл демеушілер есебінен тамақпен қамту бойынша жұмыс жүргізу 	Қыркүйек	<p>Әлеуметтік педагог ДТІЖО</p>	пед кеңес анықтама
6	<p>Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалау.</p>	Тамыз-қыркүйек	<p>Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер Кітапханашы</p>	пед кеңес анықтама
7	<p>Ішкілікке бейім, жайсыз, жанжалды отбасыларды анықтау</p>	Қарааша наурыз	<p>Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог Педагог-психолог</p>	

II. Бала құқығын қорғау жұмысы

8	Жетім және ата-анасының камқорлығынсыз қалған оқушылардың қосымша	жыл бойы	<p>Әлеуметтік педагог КББ педагогы</p>	анықтама
---	---	----------	--	----------

	педагогтармен байланыса отырып жұмыс жүргізу			
9	Ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстарын жүргізу	токсан сайын	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер Педагог-психолог	анықтама
10	«Күз жәрменкесі» акциясын өткізу;	Қазан	Әлеуметтік педагог ДТІЖО Сынып жетекшілер	анықтама
11	«Мектептегі бала құқығы» оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	Қазан-қараша	Әлеуметтік педагог ДТІЖО	мәлімет білім бөліміне
12	«Отбасылық қарым қатынас» тақырыбында орта буын санаптарында эссе жазу.	желтоқсан	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	анықтама
13	«Бала құқығы- асыл қазына» білім және ғылым саласындағы жаңалықтар. Мектеп бірітуші сыныптарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. 9-11 сыныптар	желтоқсан	Әлеуметтік педагог ДТІЖО Педагог-психолог Сынып жетекшілер	анықтама
14	«Мен және менің дінге көзқарасым» 7-11 сыныптар сауалнама	ақпан	Әлеуметтік педагог ДТІЖО Педагог-психолог	анықтама
15	Жалпыға міндетті білім беру айлығына орай қайырымдылық акциясын өткізу	Қаңтар ақпан	Әлеуметтік педагог ДТІЖО	анықтама
16	«Өмір күндылығы» 5-11 сыныптар тренинг	сәуір	Әлеуметтік педагог ДТІЖО Педагог-психолог	анықтама

III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс

17	Үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстарын жүргізу, балаға әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу.	Қыркүйек-қантар	Әлеуметтік педагог және комиссия кұрамы	Акт қамқоршын ың есебі
18	Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін (өмірдің киын жағдайына тап болған)	қыркүйек	ДТІЖО Сынып жетекшілер	анықтама

	әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу		педагог Педагог-психолог	
19	-Мектепшілік есепте тұратын қызын және құқықбұзуға бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын үйымдастыру -Әлеуметтік- тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізу.	Қыркүйек-казан	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог	тізім
20	«Мен тұлғамын» 5-7 сыныптар дәңгелек үстел	наурыз	Әлеуметтік педагог Педагог-психолог	анықтама
21	Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және қала сыртындағы лагерьде демалуын қамтасыз ету жұмыстарын үйымдастыру	мамыр	Әлеуметтік педагог	оқушы құжаттарын жинау

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы үйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

22	Жетім және қамкорлықтағы оқушылардың, үйде оқытылатын оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстарын жүргізу	Қазан-ақпан	Әлеуметтік педагог Педагог-психолог Сынып жетекшілер Үйымдастырушы педагог	Анықтама Хаттама
23	Сабактан себепсіз қалып кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспекторға ұсынылған оқушылармен (бар болған жағдайда) психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу.	Әр тоқсан		Психолог маманның анықтamasы
24	Ата-әжесі, нағашы, туыстармен тұратын оқушылардың нотариалды сенімхатпен әрекет етуін бақылау	үнемі		
25	Медициналық сала өкілдерімен кездесулер өткізу	жоспарға сай		

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

26	Ата-аналар жиналыштарына қатысу; Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың	I.II.III.IV тоқсан	Әлеуметтік педагог ДТІЖО	хаттама
----	--	--------------------	-----------------------------	---------

	қадағалау.			
27	Әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың білім алудың қадағалау.	ұнемі	Әлеуметтік педагог	кеңес беру анасымен сұхбаттасу
28	Аудандық әкімшілік, және қалалық жұмыспен қамту орталығымен байланыста болып, АӘК алушы отбасылардың тізімін тоқсан сайын алып отыру, оқушыларды анықтау	I.II.III.IV тоқсан	Әлеуметтік педагог	
29	«Отбасы жарастығы» дөңгелек үстел ата-аналармен	наурыз	Әлеуметтік педагог Педагог-психолог ДТІЖО Сынып жетекшілер	хаттама

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

30	Оқушылардың отбасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Отбасымдағы өз ойым, өз орным» сауалнамасын алып, диагностика жүргізу. 7-11 сыныптар аралығы.	мамыр	Әлеуметтік педагог	анықтама
31	Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі	мамыр	Әлеуметтік педагог	SVOT талдау
32	Келесі жаңа оку жылына жоспар құру	мамыр	Әлеуметтік педагог	Жоспар әзірлеу